

"Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының әкімдігінің 2015 жылғы 26 наурыздағы № 96 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 06 сәуірде № 3840 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының әкімдігінің 2016 жылғы 11 мамырдағы № 439 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының әкімдігінің 11.05.2016 № 439 қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 39 бабына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығына сәйкес Курчатов қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Курчатов қаласының әкімі

H. Нұргалиев

Курчатов қаласы әкімдігінің
2015 жылғы 26 наурыздағы
№ 96 қаулысымен бекітілді

"Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Бөлім) Қазақстан Республикасының

мемлекеттік органды болып табылады, өз құзыреті шегінде стратегиялық, экономикалық, бюджеттік жоспарлау және қалалық бюджетті атқару, бухгалтерлік, бюджеттік есепті және қалалық бюджеттің атқарылуы бойынша есептілікті жүргізу, шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау, Курчатов қаласы аумағында коммуналдық меншікті басқару саласындағы функцияларды жүзеге асырады.

2. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Бөлім мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген ұлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарда шоттары болады.

4. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Бөлім егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуга құқығы бар.

6. Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен бөлім басшысының бүйректерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды .

7. Бөлімнің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 071100, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Курчатов қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 4.

9. Мемлекеттік органдың толық атауы - "Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

10. Мемлекет Курчатов қаласының жергілікті атқарушы органды тұлғасында Бөлімнің құрылтайшысы болып табылады.

11. Осы Ереже Бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Бөлімнің қызметін қаржыландыру Курчатов қаласының жергілікті бюджетінен жүзеге асырылады.

13. Бөлімге кәсіпкерлік субъектілерімен Бөлімнің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

14. Бөлімнің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, күкілтари мен міндеттері

15. Бөлімнің миссиясы: стратегиялық, экономикалық және бюджеттік жоспарлау саласында мемлекеттік басқару, қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын іске асыру, қаланың бюджетті орындаудың қамтамасыз ету, қалалық коммуналдық меншікті тиімді басқаруды жүзеге асыру.

16. Бөлімнің міндеттері:

1) әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу және қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуының мониторингін жасау;

2) кірістер мен шығыстарды экономикалық дәлелді жоспарлау негізінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес келесі қаржы жылы қаллық (жергілікті) бюджеттің жобасын әзірлеу және оның орындалуын ұйымдастыру;

3) қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына болжам, экономикалық талдау жасау және реформалар барысын бағалау;

4) қалалық бюджетті атқару;

5) бюджеттік есепке алуды жүргізу және қалалық бюджетті атқару бойынша бюджеттік есептілікті құрастыру;

6) қалалық коммуналдық меншікті басқару.

17. Бөлімнің функциялары:

1) Курчатов қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуын және бюджет параметрлерінің болжамын әзірлеуді ұйымдастырады және өз құзіреті шегінде қалалық даму бағдарламаларын әзірлеуге және қамтамасыз етуге қатысады;

2) алдағы жоспарлық кезеңде бюджетке түсетін қаражаттар түсімдерінің көлемін анықтайды;

3) қалалық бюджет комиссиясына ағымдағы, сол сияқты алдағы жоспарланып отырған кезеңде жекелеген бюджеттік бағдарламалар (ішкі бағдарламалар) бойынша жылдық жоспарлы жұмсалымдарды қайта қарау қажеттігі туралы ақпаратты жібереді;

4) жергілікті бюджет бойынша қолма-қол ақша ресурстарына талдау және болжам жасайды;

5) даму бюджетінің игерілуінің, инвестициялық жобалардың барысына мониторинг жүргізеді;

6) коммуналдық мүлікті басқаруға талдау және бағалауды жүзеге асырады;

7) қалалық бюджеттің атқарылуы бойынша жұмысты ұйымдастырады;

8) бюджетті атқару бойынша бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің қызметін үйлестіреді;

9) бюджетке түсетін түсімдердің күтілетін көлемдерін айқындау және жоспарлы кезеңге арналған шығыстардың, қолма-қол ақша профицитін (

тапшылығын) және оны жабу көздерін атқару жөніндегі процесс болып табылатын қолма-қол ақша легінің болжамын жасайды;

10) міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарларын, төлемдер бойынша түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарларын құрастырады, бекітеді және жүргізеді;

11) бюджет қаражаты есебінен ұсынылған бюджеттік кредиттердің тіркелуін, олардың есепке алынуы мен мониторингін жүзеге асырады;

12) жүйелі жинақтау және бюджетті атқару көрсеткіштерін талдау арқылы бюджеттік мониторингті жүзеге асырады;

13) бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бекітетін мемлекеттік мекеменің иелігінде қалған тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден алатын түсімдер мен шығыстардың жиынтық жоспарын келіседі;

14) бюджеттік ақшамен басқарады;

15) қала бюджетінің қолма-қол ақшаның бақылау шоттарында ақша қозғалысына мониторинг жүргізеді;

16) қалалық бюджетті атқару бойынша бюджеттік есеп пен есептілікті жүргізуі қамтамасыз етеді;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіpte қала әкімдігі резервінен қаражатты бөлу туралы өтініштерді қарайды;

18) бюджеттік ақшамен басқару бойынша қалалық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар қызметі тиімділігінің жыл сайынғы бағалауын іске асырады;

19) мемлекеттік органдардың, мекемелердің және кәсіпорындардың мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруының мониторингін ұйымдастырады және жүргізеді;

20) өз құзыреті шегінде мемлекеттік мүлікті басқару саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;

21) қалалық коммуналдық мүлікті басқарады;

22) қалалық коммуналдық мүлікті қалалық коммуналдық занды тұлғаларға бекітеді;

23) қалалық коммуналдық мүліктің есепке алынуын ұйымдастырады, оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді, мемлекеттік мүліктердің тізілімін белгіленген тәртіpte жүргізеді;

24) қалалық коммуналдық мүлікті жекешелендіруді жүзеге асырады, жекешелендіру объектіні бағалауды қамтамасыз етеді, жекешелендіру объектісінің сатып алу-сату шарттарын дайындау мен жасасуды және сатып алу-сату шарттары талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

25) қалалық мүлікті жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес занды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығынсыз, мүліктік жалдауға (жалға алуға), сенімгерлік

басқаруға береді;

26) қалалық коммуналдық мұлікті өтеусіз пайдалануға, мемлекеттік заңды тұлғаларға береді;

27) сенімгерлікпен басқарушының қалалық мұлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша міндеттемелерінің орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

28) мемлекеттік мұлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен басқаға тапсыру бойынша жұмысты ұйымдастырады;

29) сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттің мұлік құқығына ие болу бойынша жұмысты ұйымдастырады;

30) қалалық коммуналдық заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мұлікті мұліктік жалдауға (жалға алуға) беруге талдау жүргізеді;

31) қалалық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекеттің қатысуымен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жұмыс істеуі мен оларды басқару тиімділігінің мониторингін ұйымдастыру және жүргізуді жүзеге асырады;

32) жергілікті бюджет есебінен ұстап-күтілетін мемлекеттік мекемелердің мұлігін шығынға жазуын келіседі;

33) иесіз мұліктердің, объектілерді анықтау және ретке келтіру есебін жүргізу бойынша жұмысты жүзеге асырады;

34) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

18. Бөлімнің құқықтары мен міндеттері:

1) Бөлім құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қала басшыларына қарауға ұсыныс енгізу;

2) Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген құзыреті шеңберінде Бөлім қызметіне қатысты мәселелерді қарау және бірлесіп атқару үшін қаланың өзге жергілікті атқарушы органдары бөлімдерінің қызметкерлерін қатыстыру;

3) Бөлім құзыретіне кіретін мәселелер бойынша белгіленген тәртіппен кеңес өткізуге бастамашылық ету;

4) өз функцияларын орындау үшін өзге мемлекеттік органдардан, лауазымды тұлғалардан, ұйымдардан және олардың басшыларынан, азаматтардан Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзырет шегінде қажетті ақпаратты сұрау;

5) Бөлім құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңес беру;

6) жеке және заңды тұлғалардың ресми сұранымы болған жағдайда өз құзыреті шегінде және заңнама шеңберінде қажетті материалдар мен ақпаратты ұсыну;

7) Бөлім құзыретіне кіретін өзге де міндеттерді орындау.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

19. Бөлімді басқару Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшымен жүзеге асырылады.

20. Бөлімнің бірінші басшысын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Курчатов қаласының әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

21. Бөлімнің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Ережемен белгіленетін өзінің құзыретіне сәйкес дара қафидаты бойынша қызмет етеді, Мекеме қызметінің мәселелерін дербес шешеді.

22. Бөлім басшысының өкілеттігі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте Бөлім қызметкерлерін лауазымға тағайындауды және лауазымнан босатады;

2) заңнамамен белгіленген тәртіпте Бөлім қызметкерлерін көтермеледі және тәртіптік жазаға тартуды жүзеге асырады;

3) өз құзыреті шегінде бұйрық шығарады, нұсқаулар береді, қызметтік күжаттамаға қол қояды;

4) бөлім қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

5) мемлекеттік органдарда, басқа ұйымдарда Бөлім мұддесін білдіреді;

6) Курчатов қаласы әкімдігінің қаулысымен бекітілген штат санының лимиті мен құрылымы шегінде Бөлімнің штат кестесін бекітеді;

7) сыйайлас жемқорлыққа қарсы тұру бойынша қажетті шаралар қабылдайды және оған дербес жауапты болады;

8) ерлер мен әйелдердің олардың тәжірибелеріне, мүмкіндіктеріне және кәсіби дайындықтарына сәйкес мемлекеттік қызметке тең қолжетімдігін қамтамасыз етеді;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттілікті жүзеге асырады.

Бөлімнің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оны алмастыратын тұлға орындауды.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

23. Бөлімнің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

24. Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік және Қазақстан Республикасының

заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. Бөлімге бекітілген мұлік коммуналдық меншікке жатады.

26. Егер заңнамада және осы Ережеде өзгеше көзделмесе, Бөлім, өзіне бекітілген мұлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мұлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта үйымдастыру және тарату

25. Бөлімді қайта үйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК